

УДК 621.32

МРНТИ 47.03.05

**СВЕТОДИОДТЫ ҚУАТ КӨЗДЕРІНІЦ СХЕМОТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРІН  
ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ САЛЫСТАРЫ**

**С.Б. БОЛАТБЕК, А.М. АУЭЗОВА**

*Алматинский университет энергетики и связи*

**Аннотация:** Светодиодты қуат көздерінің концепцияларын және схемотехникалық шешімдерін зерттеу жұмыстың маңызы болып табылады.

Схемотехникалық шешімдер функционалды сынақтардан отеді. Жаңа пассивті түзетушілер, светодиод тозын тұрақтандыру сияқты схемалар драйвердің әртүрлі жұмыс жағдайларында қажетті функционалды сипаттамаларға қол жеткізу үшін тексеріледі. Өзгеретін кіріс желілік кернеу, қоршаган ортаның температурасы, бос жүріс, қысқа тұбықталу, шығыс жүктеменің шамасы, динамикалық процестер және т.б. жұмыс шарттары болып есептеледі. Әрбір схемотехникалық шешім сынақтарда көңіл бөлінетін жеке маңызды функционалды көрсеткіштерге ие. Токты тұрақтандырудың көрінісінің негізгі маңызы – оның дәлдігі және ПӘК.

**Түйінді сөздер:** сывықты, импульсті драйвер, ток генераторы, токты тұрақтандыруышы, гальваникалық оқшаулау, светодиодты тізбек

**RESEARCH AND COMPARISON OF EXISTING CIRCUIT-TECHNICAL SOLUTIONS  
FOR LED POWER SOURCES**

**Abstract:** The aim of the work is to research the existing concepts and circuit solutions for LED drivers. Circuit solutions are tested by functional tests. So the scheme of new passive correctors, methods for stabilizing the LED current, etc. are tested to achieve the desired functional characteristics under various conditions of the driver. The working conditions, for example, are variable input mains voltage, ambient temperature, idle speed, short circuit condition, output load, dynamic processes, etc. Each circuit solution has its own target functional parameters, which will be paid attention to in tests. The main target displays of the current stabilization scheme are stabilization accuracy and efficiency.

**Keywords:** linear, pulse driver, current generator, current stabilizer, galvanic isolation, LED circuit

**ИССЛЕДОВАНИЕ И СРАВНЕНИЕ СУЩЕСТВУЮЩИХ СХЕМОТЕХНИЧЕСКИХ  
РЕШЕНИЙ ДЛЯ СВЕТОДИОДНЫХ ИСТОЧНИКОВ ПИТАНИЯ**

**Аннотация:** Целью работы является исследование существующих концепций и схемотехнических решений для светодиодных драйверов.

Схемотехнические решения проверяются функциональными тестами. Так схемы новых пассивных корректоров, методов стабилизации тока светодиода и т.д. проверяются на достижение желаемых функциональных характеристик при различных условиях работы драйвера. Условиями работы, например, являются изменяющееся сетевое напряжение, температура окружающей среды, холостой ход, условие короткого замыкания, величина выходной нагрузки, динамические процессы и т.п. Каждое схемотехническое решение имеет свои целевые функциональные параметры, которым будет уделяться внимание в тестах. Основные целевые отображения схемы стабилизации тока – точность стабилизации и к.п.д.

**Ключевые слова:** линейный, импульсный драйвер, генератор тока, стабилизатор тока, гальваническая развязка, светодиодная цепь

Қорек көзінің ортақ желісі айнымалы токпен қамтамасыз етілуімен салыстырғанда светодиодтардың қалыпты жұмыс істеуі үшін тек тұрақты токқа байланысты. Желілік қорек көзінің светодиодтармен келісіліп жұмыс істеуі үшін айнымалы желілік токты тұрақты ток көзіне түрлендіретін қосымша электронды құрылғылар пайдаланылады. Олардығылыми әдебиеттерде светодиодты қуат көзі немесе светодиодты ток тұрақтандырушы немесе светодиодты драйвер деп атайды.

Светодиод жартылай-әткізгіш элемент болғандықтан, олардың жарқырауын анықтайтын кілттік сипаттамасы кернеу емес, ток болып табылады. Светодиод өзінің жұмыс істеуге берілген сағаттар санын кепілді өтеуі үшін драйвер қажет. Ол светодиодтар тізбегі арқылы өтетін токты тұрақтандырады.

Светодиодтың қуаты оның тұтынатын тоғына әсер етеді. Ал, оның тұтынатын тоғы светодиодтың жарқырауының өзгеруіне тәуелді. Сондықтан драйвер светодиодтарды осы токпен қамтамасыз етеді.

- Жүктеменің қуаты мыналарға тәуелді:
- әрбір светодиодтың қуатына;
  - олардың санына;
  - түстеріне.

Жалпы жағдайда светодиодты драйверлер екі санатқа бөлінеді:

- сызықты;
- импульсті.

Сызықтыда шығыс – ток генераторы. Оның басты функциясы – кіріс кернеу тұрақты емес болғанда токты тұрақтандыруды қамтамасыз ету: жоғары жиілікті электромагнитті кедергілерді тудырmas үшін баптау процесі тегіс жүреді. Бұл оның басты артықшылығы болып табылады. Ал, кемшілігі-аз ПӘК, яғни 80%-дан аз шамамен тен. Осылайша, өзінің қолданылу аясын аз қуатты светодиодтармен шектеп қалады.

Импульсті драйверлер шығыста жоғары жиілікті ток импульстерін тудыратын құрылғылар. Мұндай драйверлер өзінің жинақылығы және жоғары ПӘК (шамамен 95%) арқасында кең тараған. Негізгі кемшілігі – сызықтымен салыстырғанда электромагнитті кедергілер деңгейінің үлкендігі.

Қуат көзінің түрін тандау шамдардың қайда эксплуатациялануына тәуелді. Мысалы, қойманы жарықтандыру үшін 0°C жоғары жұмыс температурасындағы және IP 20 корғаның деңгейіндегі драйверлерді тандауға болады. Ал, адамдар компьютермен жұмыс істейтін офис сияқты бөлмелерге қойылатын шамдардың драйверлеріне арнайы талаптар бар. Мысалы, пульсация коэффициенті 5% аспау керек.


Светодиодты жарықтандырудың даму бағыты қуат деңгейінің үш негізгі кірісіне бөлінеді: аз қуатты 20 Вт-қа дейін немесе одан кем; орташа қуат 20-дан 50 Вт дейінгі аралықты құрайды; күшті қуат 50 Вт жоғары. Накты өмірде нәтиже аталған көрсетулерге сәйкес келе бермейді, бірақ шешім қабылдау кезінде осы үш деңгеймен салыстырылады.

Төмендегі суретте светодиодтардың қуаттар диапазонына байланысты алынатын орталары бейнеленген.

Светодиодты драйверлердің өндірісін қадағалауға арналған көптеген стандарттар мен программалар бар, олар ерікті және міндетті түрде қатыса алады. Төмендегі кестеде светодиодты жарықтандыруды қадағалау үшін құрылған Energy Star агенттік программаласының стандарттары көрсетілген.

Қазіргі светодиодты драйверлер келесідей кедергілерден тұрады және бұл кедергілер олардың тепе-тендік пен басымдықта болулары үшін құрастырылымдық шектеулеріне әкеледі:

- өндіреу уақыты;
- құны;
- жобалаудың күрделілігі;
- кіріске сәйкес келетін қуат топологиясын іздестіру және шығыс кернеудің параметрлері, жылулық дизайн, техникалық қауіпсіздік ережелері;
- тиімділігі;
- әлемдік ережелерді сақтау (қуат шығынын азайту, қуат коэффициентін түзету);
- сенімділігі және қызмет көрсету мерзімі;
- тұрақты ток шығысы;
- жарықтылықты және қарандылықты реттеу диапазоны (демпфирлеуші контур);



1-сурет. Кіріс қуаттың негізгі деңгейлері

### 1 кесте – Светодиодтар үшін драйвердің стандарттары және оларға қойылатын талаптар

Негізгі корсеткіштер	Анықтама	Талаптар
Жалпы гармоникалық бұрмалану	KS C7651/2/3 (IEC61000-3-2)	Класс С ( $>25$ Вт) Класс Д ( $\leq 25$ Вт)
Қуат коэффициенті	Energy Star программы [01.10.2011]	Тұрғын үй $\geq 0.7$ $> 5$ Вт үшін Коммерциялық $\geq 0.9$ $> 5$ Вт үшін
Каранғылық	Energy Star программы [01.10.2011]	Жалпы жарық ағыны бойынша тұрақты каранғылық 35%-100% аралығында
Басталу уақыты	Energy Star программы [01.10.2011]	5 секунд аралығында
Шамның стандартты пішіні	MR16, PAR16/20/30S/30L/38 dimension	ANSI C78.21-2003
Өтпелі процестерден қорғаныс	Energy Star программы [01.02.2009]	IEEE C.62.41-1991 Класс А
Минималды жұмыс температурасы	Energy Star программы [01.02.2009]	Минимум -20°C-тан басталады
Шу	Energy Star программы [01.02.2009]	A классы дыбыс
Тиімділігі	Energy Star программы [01.10.2011]	$\geq 65^*$ лм / Вт [01.09.2013]
Кепілдік	Energy Star программы [01.10.2011]	Ауыстырылмайтын драйверлер: 5 жыл Ауыстырылатын драйверлер: 3 жыл

- жарыктың жыптылықтауы;
- шектелген баспа платасы;
- қысқа тұйықталудан қорғаныс.

Сонымен, осы светодиодты драйверлердің белгілі түрлерін қарастырайық.


1. ON Semiconductor UC3845 – шығыс тоғы 1 А дейін жететін импульсті драйвер; бекітілген жиілікті PWM-контроллер. Бұл интегралды схема токты өлшейтін компараторды, күшейткішті, температуралық компенсациялы тірек сигналды және жұмыс циклін дәл басқару үшін кесілген осциллятормен жабдықталған.

## 2 кесте – ON Semiconductor UC3845 негізгі көрсеткіштері

Сипаттамасы	Көрсеткіштері
Реттеу режимі	Ток бойынша
Жиілік, кГц	52
Тәмен кіріс кернеуінен қорғау, В	+
Шығыстағы қысқа тұйықталудан қорғау	+
Қорек кернеуі, В	30
Шығыс ток, А	$\pm 1$
Аналогты кірістер, В	-0,3...6,3
Шығыс күшейткіштен ағу тоғы, мА	10
Сақтау температурасы, °C	-65...+150

ON Semiconductor UC3845 светодиодты драйвері 1-кестедегі мәліметтерге сәйкес, ток бойынша реттелетін режимде жұмыс істейді. Жұмыстық жиілігі 52 кГц-ке дейін жетеді. Бұл өз кезегінде оның жұмыс істеу жылдамдығының орташа екендігін көрсетеді. Тәмен кіріс кернеуінен және шығыстағы қысқа тұйықталудан қорғаумен жабдықталғандықтан, жоғары сенімділікке ие. Қорек кернеуі – әдетте, 30 В дейін. Құрылғыны көрсетілген температура аралығында сақтамаса, немесе қолданбаса, ол аспаптың бірден істен шығуына алып келеді. Сондықтан, белгіленген нормалар мен шектеулер сакталады. Тәмендегі суретте ON Semiconductor UC3845 драйверінің Proteus программасындағы схемасы көрсетілген.

2. Supertex HV9910–шығыстағы ток 10 мА аспайды, гальваникалық оқшаулауға ие емес, 8-450 В аралығында қорек кернеуіне және 1 А аспайтын шығыс тоғына тең аса жоғары жарқырауға ие светодиодтардың әмбебап ток тұрақтандырышы. Мұндай микросхема светодиодтарды қуаттау үшін тұрақты ток көзін қарапайым түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді; тұрақты токтың жоғары тұрақтылығы талап етілмейтін арзан бағалы шамдарға арналған.



2-сурет. Светодиодқа арналған UC3845 негізіндегі драйвердің Proteus программасындағы схемасы


### 3 кесте – Supertex HV9910 негізгі көрсеткіштері

Сипаттамасы	Көрсеткіштері
Тиімділігі, %	90 көп
Кіріс кернеу немесе қорек кернеуі, В	8...450
Светодиодтар арқылы тұрақталған токты қамтамасызы етеді	бірнеше мА-ден 1 А-ден жоғары
Жұмыс температурасының аралығы, °C	-40...+85
Жоғары деңгейдегі шығыс кернеуі, В	8...450

3. Осы фирмандың тағы бір микросхемасы – LM3404HV – Buck Converter түрлендіріші принципі негізінде жұмыс істейді, яғни қажетті токты ұстап қалу функциясы катушка және Шоттки диодынан тұратын резонанссты тізбекке ішінара қойылған.

Жоғарыда аталған светодиодты драйверлердің барлығы National Semiconductor фирмасында әзірленеді.


Осы аталған үш светодиодты драйверлердің олардың негізгі сипаттамалары бойынша салыстыра отырып, LM3404HV типті светодиодты драйвер әртүрлі қауіпсіздік ережелеріне ON Semiconductor UC3845 және Supertex HV9910 қарағанда анағұрлым сәйкес келеді. Сонымен қатар, тиімділік бойынша ең жоғары пайызы LM3404HV типті драйвер көрсетеді. Үш драйвердің ішінен осы драйвер орташа жұмыс температурасының интервалында жұмыс істейді. Дегенмен, светодиодтар негізіндегі драйверлерді тек қауіпсіздік және тиімділік қасиеттері арқылы ғана бағалауға болмайды. Эрбір светодиодты драйвердің белгілі бір қызметі және қолда-



3-сурет. Светодиодқа арналған Supertex HV9910 драйверінің схемасы

### 4 кесте – LM3404HV негізгі көрсеткіштері

Сипаттамасы	Көрсеткіштері
Шығыс ток, А	1,2
Шығыс кернеу, В	4
Кіріс кернеу, В	6~75
Жиілік, МГц	1
Жұмыс температурасы, °C	-40~+125
Корек тогы, мА	625
Тиімділігі, %	96
Шектік ток, А	1,5
Түрлендіру жиілігі	10 кГц..2МГц
Қысқа түйштілуден және шығыс тізбектегі үзілістен қорғау	+
Қызып кетуден қорғау	+
Темен кіріс кернеуден қорғау	+



4-сурет. Светодиодқа арналған LM3404HV драйверінің схемасы

нылу ортасы бар. Сондықтан, светодиодты драйверлерді таңдау кезінде осы жағдайларға да мән беріледі.

Texas Instruments компаниясының светодиодты драйверлерін қарастырайық.

Texas Instruments компаниясы әрқылы тағайындалуларға арналған аспаптар үшін светодиодты драйверлердің кең таралған түрлерін ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген микросхемалар бір ғана светодиодты төменгі вольтті қорек көзіне қосылатын құрылғыларға жалғауға арналған. Олардың қатарына батарейка, аккумуляторларды жатқызуға болады.

*TPS61029.* Бұл драйвер бір светодиодты бірден үшке дейін никель-кадмийлі, сілтілі батареялармен, бір литий-ионды немесе литий-полимерлі аккумуляторлармен коректенеді. Жоғарылатқыш түрлендіргіші бекітілген жиілікті жұмыс жасайды. Оның негізінде кең импульсті модулятор контроллері жатыр. Ол контроллер синхронды режимде жұмыс істейді, сондықтан ол ПЭК жоғарылатуға мүмкіндік береді. Шығыс кернеудің шамасы сыртқы резистивті бөлгіш арқылы беріледі, бірақ үнсіздік бойынша ішкі кедергімен де анықталады (бұл жағдайда, берілетін шығыс кернеудің мәні максимальді мәнге жетеді). Өшірулі күйде болғанда, жүктеме толығымен батареядан сөндіріледі. Микросхема қызып кетпес үшін жабдықталып корғалған.


Бұл микросхеманың кемшілігіне сыртқы элементтердің көптігі жатады. Ол өз кезеңінде шығынның көп жұмсалуына және осы элементтердің микросхемадағы орындарын үлкейтеді. Микросхемадағы элементтердің саны аспаптың жұмыс істеу жиілігіне әсер етіл, оны баулатуға әкеліп соғады. Микросхеманың қарапайым, әрі арзан болуы оның басты артықшылықтары болып есептеледі, алайда, схемада мұндай артықшылықтар кездеспейді.

*TPS61070.* Олай болса, драйвердің тағайындалуы TPS61029 микросхемасына сәйкес, бірақ одан қарағанда бірнеше есе аз ток жүктемесіне есептеліп жасалған. Жұмыстық жиілігі екі есеге дейін жоғары, ал артықшылығы аз өлшемдегі индуктивтілікті қолдануға мүмкіндік береді. Микросхемада батареяның кернеу деңгейін бакылауға арналған түйін және қайталама кернеуден сақтайтын схема жоқтың қасы. Сондықтан драйвер негізінде құрылғылардың өмір сұру ұзақтығы аз болады. Ал жоғарыдағы микросхемада мұндай шаралар қарастырылған болатын. Дегенмен, осы кемшіліктер құрылғының өлшемдерін азайтуға көмектеседі. Енді бұл микросхеманы қарапайым және қымбат емес қолмен тасымалдан жүретін құрылғыларға арналған.

*TSP61050.* Бұл драйвер I2C-интерфейсі арқылы конфигурацияланатын жоғары куат-

**5 кесте – Texas Instruments компаниясының светодиодты драйверлері**

Атауы	Кіріс кернеуі, В	Типі	Активті режимде тұтынатын тоғы, мА	Үйкіс режимінде тұтынатын тоғы, мкА	Жұмыстық жиілігі, кГц
TPS61029	0,9...6,5	Жоғарылатқыш	0,025	0,1	720
TPS61070	0,9...5,5	Жоғарылатқыш	0,019	0,05	1200
TPS61050	2,5...5,5	Жоғарылатқыш	8,5	0,3	2000



5-сурет. TPS61029 микросхемасының қосылуы

ты жоғарылатқыш түрлендіргіші бар. Мұндай драйвер де TPS61029 сияқты жоғары жиілікті синхронды жоғарылатқыш кен импульсті модулятор түрлендіргішіне негізделіп жасалған. Сонымен қатар, жұмыс істеуі үшін TPS61070 сияқты аз жиынтықтарды қажет етеді. Драйверлерді өндірушінің тұжырымы бойынша түрлендіргіштің барлық схемасын 5x5 мм өлшемді платада орналастырылады.

Компанияның барлық өнімдеріне тән нәрсе – жоғары сенімділік, қасиет жобаланатын құрылғылардың қызмет көрсету мерзімдерінің ұзак болуын білдіреді. Кез келген аспап, құрылғыны тандауда тұтынушының қоятын талабы да жоғары сенімділік болып табылады. Жоғары ПӘК батареяның жұмыс жасау уақытын, мерзімін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Аспаптардың қызмет көрсету мерзімі ПӘК арқылы бағаланатындықтан, светодиодты драйверлерді сатып алардан бұрын көптеген тұтынушылар осы көрсеткіш туралы ақпаратпен танысады. Ал, түрлендірудің жоғарғы жиілігімен шағын құрылғы-

лар құрылады. Себебі, бұл жағдайда, микросхемда аз өлшемді және мөлшерлі жиынтықтар, яғни бөлшектер болады.

Қазіргі таңда ешбір өндіруші осы фирmanınың драйверлері сияқты артықшылықтарға ие драйверлерді ұсына алмайды.

Светодиодтарға арналған драйверлерді салыстыру үшін олардың тиімділігін анықтайтын есебін қарастырайық. Драйвердің шығындағы кернеу қуаттың токқа қатынасымен табылады. Мысалы, драйвердің 2 Вт қуатты және 0,4 А токты сипаттамалары бар. Есептік арақатынас 5 В тең, бұл осы түрлендіргіштің шығыс кернеуінің максимальді шамасы.

Егер 5 светодиодты қорек көзін қосу керек болса және олардың әрқайсысының тоғы 5 В кезінде 0,3 А құраса, онда драйверлерді тізбектей жинау кезінде жалпы шығыс кернеу 25 В және ток 0,3 А болады. Ал, параллельді қосылыста 0,3 А ток әрбір светодиодқа бірдей болып таратылады. Яғни, олар қандай токқа есептелеіп шығарылса, сондай мөлшердегі токтығана шығара алады. Мысалы, 0,7 ток мәніне тең

светодиодтарды 0,3 А тең құрылғыға қоссақ, оларға тек жалпы 0,3 А ток беріледі. Мұндай жағдайда тізбектің қосылу схемасы рөл атқармайды. Дегенмен, кез келген мөлшердегі светодиодтар санын өзіне қоса беретін драйверлердің моделі де кездеседі, бірақ драйверлерді қуат бойынша шектейді. Светодиодтардың қуаты драйвердің қуатынан аспайды. Сондықтан, светодиодтардың белгілі санын қосуға негізделген драйверлер де өндіріледі, оларға аз светодиодтарды қосады. Олардың төтенше жағдайлардан сақтық шарапалары қарастырылған. Бірақ, бұл драйверлердің тиімділігі тәмен, дәлсіз жұмыс істейді, светодиодтар жыптылықтап тұрады немесе мұлдем жанбайды. Сонда драйверге сәйкес емес жүктемелі кернеуді қоссақ, ол тұрақсыз жұмыс істейді.

Дайын схемалар арқылы әртүрлі құатты светодиодты драйверлерді жинайды. Салыстырма мысал ретінде PowTech қытай өндірісінің PT4115 микросхемасы негізінде жасалған драйвердің схемасы қарастырылады.

Микросхема 1 Вт-тан жоғары светодиодтарды коректендіруге арналған, жоғары тиімділікке ие және жиынтықтарының саны аз.

Схемада конденсатор маңызды рөл атқарады, бұл жиынтық пульсацияны төмендедеді және транзистор жабылған кезде индуктивтілік орамымен жиналған энергияны компенсациялайды. Ал конденсатор болмағанда, индуктивтіліктің барлық энергиясы жартылайеткізгіш диод арқылы қорек кернеуіне түседі және соған қатысты микросхеманың істен шығу себепкөрі атанады. Сондықтан микросхеманы кіріс конденсаторсыз қосу ұсынылмайды.

Индуктивтілік светодиодтардың тұтынушылығына байланысты есептеледі. Оның мәнін белгіленген мөлшерден аздал арттырады, бірақ бұл жалпы схеманың ПӘК төмендедеді. Кернеу берілген сәтте және ток резистор арқылы өткенде, индуктивтілік нөлге тенеледі. Ары қарай салыстырғыш резисторға дейінгі және кейінгі потенциалдар деңгейін талдайды, нәтижесінде шығыста жоғары шоғырлану


## 6 кесте – PT4115 микросхемасының техникалық көрсеткіштері

Сипаттамасы	Көрсеткіштері
Жарқырауды басқару функциясы	Күнгірттеу
Kіріс кернеу, В	6-30
Тиімділігі, %	97-ге дейін
Күнгірттеуге арналған шықпалары	+
Шығыс токтың шамасы, А	1,2
Жүктеменің айырылыстарынан алдын ала сақтану	+

пайда болады. Кедергі арқылы қадағаланып жүктемеге қарай жүретін ток белгілі бір мәнге дейін өседі. Ал, ток индуктивтілік және кернеу шамаларына тәуелді артады.

PT4115 микросхемасының жиынтықтары өндірушінің нұсқаулықтары бойынша таңдалады. Тәмен импедансты конденсаторлар тізбекке жалғанады, өйткені басқа аналогтар драйвердің тиімділігіне кері әсерін тигізеді. Егер құрылғы тұрақты токпен қоректенсе, конденсатордың сыйымдылығы 4,7 мкФ-тан жоғары етіп алынады. Егер ток

айнымалы болса, қатты, сыйымдылығы 100 мкФ-тан тәмен емес конденсатор қолданылады. Орамның индуктивтілігі 68 мкГн-ге тең. Оны өз қолыңмен жасау үшін істен шыққан компьютердің сакинасы мен орам сымын пайдаланады. Диодтың параметрлері: сыйымдылығы 15 пФ, жұмыс температурасы -65...150°C, 30 А дейінгі ток импульсін көтере алады. Резистордың мәні светодиодқа қажетті токтың шамасымен есептеледі. Схемадағы оның мәні 0,13 Ом тең, сәйкесінше ток 780 мА.



6-сурет. PT4115 микросхемасы негізіндеғі светодиодты драйвер

Осылайша, светодиодты драйверлерді таңдамас бұрын, алдымен, оның қосылу схемасына мән беріледі. Яғни, светодиодты емес, светодиодты драйверлерді тандауға ерекше көніл бөлінеді. Өйткені кез келген драйвердің қуаты светодиодтікіне сәйкес келе бермейді немесе оны қорек көзімен қамтамасыз етуге қуаты жетпеуі мүмкін. Бұл жағдай драйвердің істен шығуына алып келеді. Светодиодты драйверлердің ең басты талабы – қорек көзі.

Сонымен, светодиодты драйверлерді салыстыра келе, ең сенімді драйвердің көрсеткіштері мыналар болып табылады: жоғары ПӘК; жоғары сенімділігі; жұмыстық жиілігінің өте жоғары болмауы; ал өте жоғары болған жағдайда, схемадағы жиынтықтардың саны тиісінше аз болады; қорек көзінің тұрақтылығы; сондай-ақ қарапайымдылығы, қолжетімділігі, арзандылығы жатады.

### Қорытынды

Макалада светодиодты драйверлердің түрлері, олардың сипаттамалары бойынша салыстырулар жүргізілді. National Semiconductor драйверлерінің тиімділік және қауіпсіздік негізгі көрсеткіштері бойынша үшінші типті светодиодты драйверлердің артықшылықтары көп.

Ал Texas Instruments компаниясының светодиодты драйверлерін салыстыра келе, үшінші типті светодиодты драйвер басқа екеуіне қарағанда сенімділігі жоғары. Себебі онда, кемшіліктеріне қарағанда, алғашқы екеуінің артықшылықтары басым. Мысалы, ПӘК үлкен және схемадағы жиынтықтардың аз орынды алуы.

Сонымен қатар, қытай өндірісінің PT4115 микросхемасы негізінде жасалған светодиодты драйвердің тиімділігі мен сенімділігі жоғары, микросхемадағы жиынтықтардың ыңғайлы орналасуына байланысты ұзақ қызмет көрсетеді және жұмыстық жиілігі кең.

Светодиодты қуат көзі жарықтандыруышы аспаптарда светодиодтар сияқты маңызды рөл атқарады. Светодиодты драйвер шамдардың сенімділігін, қызмет көрсету мерзімін, жалпы тиімділігін анықтайды.

Қазірде арзан бағалы, пайдасы жоғары, өзінің сапалық және функционалдық сипаттамаларын сақтай отырып, аз өлшемді болып келетін светодиодты қорек көздерінің әзірлемесін дайындау өзекті тапсырмалардың бірі болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://ledno.ru/>.
2. <http://diode-system.com/>.
3. <http://www.ti.com/>.
4. Hwu K. I., Yau Y. T., and Li-Ling L., «Powering LED Using High-Efficiency SR flyback Converter». *Industry Applications, IEEE Transactions on*, vol. 47, pp. 376-386, 2011.
5. Dianbo F., Ya L., Lee F. C., and Ming X., «A Novel Driving Scheme for Synchronous Rectifiers in LLC Resonant Converters». *Power Elec-tronics, IEEE Transactions on*, vol. 24, pp. 1321-1329, 2009.
6. Цветков Д. Новые высокоэффективные DC/DC-преобразователи. Современная электроника, № 8, 2007.
7. <http://mustbuilding740.weebly.com/>.
8. Business Wire, 2010 Worldwide High-Brightness LED Market Grew 93 Percent According to Strategies Unlimited, <http://www.businesswire.com/>.
9. U. S. Department of Energy, SSL Research and Development Multi-Year Program Plan Mar 2011 (Updated May 2011), <http://apps1.eere.energy.gov/>.